# 2010 жылға бір жолғы талон құнын белгілеу туралы

***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы N 19/220 шешімі. Қарағанды облысы Шет ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 қаңтарда N 8-17-88 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2011 жылғы 12 сәуірдегі N 60 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2011.04.12 N 60 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабының 1 және 6 тармақтарын басшылыққа ала отырып, объектінің орналасқан жерін, түрін, қызметтін жүзеге асыру жағдайларын, сапасы мен көлемін, сондай-ақ қызметпен шұғылдану өнімділігіне ықпал ететін басқа да факторларды ескере отырып, аудандық салық басқармасы жүргізген орташа күндік хранометраждық қадағалау мен зерттеу деректері негізінде аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Ара-тұра сипатта кәсіпкерлік қызмет пен шұғылданатын жеке тұлғалар үшін қолданылатын бір жолғы талондардың құндары мен қызмет түрлерінің тізбесі N 1 қосымшада көрсетілген көлемде бекітілсін.

2. Базарларда сауда жасағаны үшін алынатын төлем мөлшері N 2 қосымшада көрсетілген көлемде бекітілсін.

3. Шет ауданы бойынша салық басқармасына осы бекітілген ставкаларды ара-тұра сипатта аталған кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғаларға қолдану тапсырылсын.

4. Осы шешімнің орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш. Жүніске жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,*
*аудандық мәслихаттың*
*хатшысы Р. Мақсұтов*

Аудандық мәслихаттың
2009 жылғы 21 желтоқсандағы

XIX сессиясының N 19/220 шешіміне
1 қосымша

## Ара-тұра сипатта кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғалар үшін қолданылатын біржолғы талондардың құны

| N | Бір жолғы талондар қолданылатын кәсіпкерлік қызметтер түрлері | Бір күндік бір жолғы талонның құны | |
|---|---|---|---|
| | | Өлшем бірлігі | Абсолюттік сомасы |
| 2 | Саяжай және үй жанында өсірілген тірі гүлдерді сату | теңге | 141 |
| 3 | Үй жанындағы ауыл шаруашылығы, бау, бау-бақша және саяжай учаскелерінің өнімдерін сату | теңге | 85 |
| 4 | Газет-журналдар сату үшін | теңге | 113 |
| 5 | Бақша дақылдарын сату | теңге | 85 |
| 6 | Жеке участкелерін өңдеу бойынша жеке трактор иелерінің қызмет көрсетулері | теңге | 283 |
| 7 | Үй жануарлары мен үй құстарын бағу | теңге | 283 |

Аудандық мәслихаттың
2009 жылғы 21 желтоқсандағы
XIX сессиясының N 19/220 шешіміне
2 қосымша

## Базарларда сауда жасағаны үшін алынатын төлем

| Базар аттары | Базардың сауда жасау бағыты | Сауда орынының түрі | Алып отырған сауда жасау орынының көлемі шаршы метр | 1 шаршы метр сауда орынынан алынатын төлем, теңге | Төлемнің ( күндік сома теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| Аудан көлеміндегі барлық базарлар | Тамақ өнімдерін сату | Сөреде тұрып сату | 3 | 28 | 84 |
| | | | 4 | 28 | 112 |
| | | | 5 | 28 | 140 |
| | | | 6 | 28 | 168 |
| | | | 7 | 28 | 196 |
| | | | 8 | 28 | 224 |
| | | | 9 | 28 | 252 |
| | | | 10 | 28 | 280 |
| | | | 3 | 42 | 126 |
| | | | 4 | 42 | 168 |
| | | | 5 | 42 | 210 |
| | | | 6 | 42 | 252 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ет сату | 7 | 42 | 294 |
| | | | 8 | 42 | 336 |
| | | | 9 | 42 | 378 |
| | | | 10 | 42 | 420 |
| | | Сүт сату | 2 | 28 | 56 |
| Аудан көлеміндегі барлық базарлар | Өндірістік тауарларды сату | Сөреде тұрып сату | 3 | 42 | 126 |
| | | | 4 | 42 | 168 |
| | | | 5 | 42 | 210 |
| | | | 6 | 42 | 252 |
| | | | 7 | 42 | 294 |
| | | | 8 | 42 | 336 |
| | | | 9 | 42 | 378 |
| | | | 10 | 42 | 420 |
| | | Қолға ұстап жүріп сату | 1,5 | 28 | 42 |
| Жүк машиналары немесе контейнерлерден сату | | Ауыл шаруашылық өнімдер | | | 240 |
| | | Өндірістік өнімдер | | | 254 |

Ескерту: 1. Бір жолғы талондардың құндары айлық есептік көрсеткіштің белгіленген пайызын алып отырған сауда орынының көлеміне көбейткенде шығады. Айлық есептік көрсеткіш немесе алып отырған сауда жасау орыны өзгерген жағдайда бір жолғы талонның құны да өзгереді.

2. Шет ауданы көлемінде жоғарыда бекітілген бір жолғы талондардың құндары ғана қолданылады. Бір жолғы талондардың құндарына өзгерістер тек қана аудандық салық комитетінің ұсынысы негізінде аудандық мәслихаттың шешімімен енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК